

## **Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2011 жылғы 1 қазандағы ағымдағы жағдайы**

2011 жылғы 1 қазанда республикада 11 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды. Қыркүйек айында заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия берілген жоқ.

14 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы бар, оның ішінде 12 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк Центр Кредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 2 516,7 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен 8 145 772 болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны қыркүйек айында 28 675 (0,35%) ұлғайды, жинақталған зейнетақы қаражаты да 2,4 млрд. теңгеге (0,1%) ұлғайды.

2011 жылғы 1 қазанда айында міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны 3 қорда жинақталды: барлық қорлар салымшыларының жалпы санының «Қазақстан Халық Банкі» – 27,4%, «МЖЗҚ» – 22,8% және «Ұлар Үміт» – 20,1%.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 қазанда айында жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгеммен 38 335 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны қыркүйек айында 41 бірлікке (0,1%) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 110,3 млн. теңгеммен 4 093 болды.

### **Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты**

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2011 жылғы қыркүйек айында 2,3 млрд. теңгеге (0,1%) ұлғайып, 2011 жылғы 1 қазанда айында 2 522,4 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі ағымдағы жылдың қыркүйек айында 37,7 млрд. теңгеге (2,05%) өсіп, 2011 жылғы 1 қазанда айында 1 879,3 млрд. теңге болды.


Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 533,5 млрд. теңге болды. Қыркүйек айында «таза» инвестициялық кіріс 28,7 млрд. теңгеге (5,1%) артты.

Салымшылардың (алушылардың) 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2011 жылғы 1 қазанға дейінгі кезеңде жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	млрд. теңге				
	1.01.10	1.01.11	1.10.11	1.01.11 салыстырғандағы өсім	1.01.11 салыстырғандағы өсім (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 860,5	2 258,2	2 522,4	264,2	11,7
Зейнетақы жарналары	1 488,8	1 821,7	1 879,3	57,6	3,2
«Таза» инвестициялық кіріс	481,7	571,4	533,5	-37,9	-6,6
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	25,9	25,3	21,2	-	-
					4,1%-дық тармақ

2011 жылғы 1 қазанда айына ең көп жинақталған зейнетақы қаражатының сомасына 6 қор ие болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» – 839,2 млрд. теңге (33,2%), «МЖЗҚ» – 451,2 млрд. теңге (17,9%), «ҰларҮміт» – 408,5 млрд. теңге (16,2%) «Грантум» - 222,4 (8,8%), «Капитал» - 135,3 (5,3%) және «Астана» -123,1 (4,9%) жиынтығында осы 6 қордың үлесіне барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 86,4%-ы келді.

#### Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармау, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау және зейнетақы активтерін тиісінше басқармау үшін өсімпұл сомасы қыркүйек айында 0,1 млрд. теңгеге (1,1%) азайып, 2011 жылғы 1 қазанда айында 11,8 млрд. теңге болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 214,2 млрд. теңге болды немесе наурыз айында 5,6 млрд. теңгеге (2,7%) төмендеген.

2011 жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 11,7 млрд. теңгеге 7 489 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 2011 жылғы 1 қазанда айында 26,2 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты уәкілетті органның

сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару, 1 262,2 млрд. теңгені құрады.

### Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2011 жылғы қыркүйек айында 1,9 млрд. теңгеге немесе 0,1%-ға өсіп, 2 525,4 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 қазаннан бастап 2011 жылғы 1 қазанға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 33,0 млрд. теңге болды.

### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

ЗАИБЖАҰ ЖЗҚ	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	млн. теңге
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ ЕҰ, "Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ" АҚ	839 895	33,26
"ГНПФ" ЖЗҚ" АҚ	451 617	17,88
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ АҚ	408 405	16,17
"ҰларҮміт" ЖЗҚ" АҚ	408 405	16,17
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ ЕҰ)	222 457	8,81
"ГРАНТУМ ЖЗҚ" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ ЕҰ)	222 457	8,81
"Капитал" ЖЗҚ" АҚ - "Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы	135 381	5,36
"Астана" ЖЗҚ" АҚ	124 795	4,94
"МұнайГаз-Дем" ЖЗҚ" АҚ	96 165	3,81
"Нұрбанк" АҚ ЕҰ "Атамекен" ЖЗҚ" АҚ	79 083	3,13
"Отан" ОЖЗҚ" АҚ	73 278	2,90
"РЕСПУБЛИКА ЖЗҚ" АҚ	70 470	2,79
"Қазақмыс ЖЗҚ" АҚ	23 809	0,94
<b>Бүкіл ЖЗҚ бойынша барлығы</b>	<b>2 525 356</b>	<b>100</b>

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі бір ай ішінде 120,0 млрд. теңгеге немесе 0,05%-ға азайып, 2011 жылғы 1 қазанда айында 2 361,1,5 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2011 жылғы 01 қазанда инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 43,6%-ын құрады, ол 1 030,2 млрд. теңгеге сәйкес. ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздар көлемінің қыркүйек айында ұлғаюы ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде 34,5 млрд.теңгені құрайды.

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар үлесі 2011 жылғы 1 қазанда инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 31,1%-ын құрады, ол 733,7 млрд. теңгеге сәйкес. ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар көлемінің қыркүйек айында азаюы ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде 12,9 млрд.теңгені құрайды.

### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.09.2011ж.		1.10.2011ж.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>1 064 720</b>	<b>42,91</b>	<b>1 030 221</b>	<b>43,63</b>
ҚР еурооблигациялары	0	0	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	924 743	37,27	960 533	40,68
Ұлттық Банктің ноттары	134 291	5,41	64 143	2,72
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	5 686	0,23	5 545	0,23
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>227 206</b>	<b>9,16</b>	<b>162 284</b>	<b>6,87</b>
акциялар	92 090	3,71	28 624	1,21
облигациялар	135 116	5,45	133 660	5,66
<b>Шетел инвестициялық қорларының пайлары</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>119 428</b>	<b>4,81</b>	<b>91 941</b>	<b>3,9</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>42 724</b>	<b>1,72</b>	<b>43 952</b>	<b>1,86</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>122 535</b>	<b>4,94</b>	<b>115 615</b>	<b>4,90</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>720 741</b>	<b>29,05</b>	<b>733 683</b>	<b>31,07</b>
акциялар	146 223	5,89	151 538	6,42
облигациялар, оның ішінде:	574 518	23,16	582 145	24,65
шетел валютасында номинирленген	19 200	0,77	21 270	0,90
теңгеге номинирленген	555 318	22,38	560 875	23,75
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	<b>184 769</b>	<b>7,45</b>	<b>184 461</b>	<b>7,81</b>
<b>Туынды бағалы қағаздар</b>	<b>-971</b>	<b>-0,04</b>	<b>-1 035</b>	<b>-0,04</b>
<b>Жиынтығы</b>	<b>2 481 153</b>	<b>100</b>	<b>2 361 122</b>	<b>100</b>

Эмитенттер бағалы қағаздар шығарылымы бойынша дефолтқа жол берген бағалы қағаздардың үлесі 2011 жылғы 1 қазанда зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 0,7%-ын құрады, бұл абсолютті мән бойынша 18,6 млрд. теңге болды.

### Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

- 5 жылдық кезең ішінде (2006 жылғы қыркүйек – 2011 жылғы қыркүйек) – 32,25% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 61,59%). Номиналды кірістің орташа алынған түзетілген коэффициенті – 31,9%;

- 3 жылдық кезең ішінде (2008 жылғы қыркүйек – 2011 жылғы қыркүйек) – 17,71% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 22,94%).

- 12 айда ішінде (2010 жылғы қыркүйек – 2011 жылғы қыркүйек) – 4,46% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 8,7%).

Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі 2011 жылғы 1 қазанда 2011 жылғы 1 қыркүйек айындағы көрсеткішімен салыстырғанда мынандай сипатта болды:


- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 1,95 пайыздық тармаққа азайды өсті;

- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 1,91 пайыздық тармаққа өсті;

- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,59 пайыздық тармаққа азайды.

2010 жылғы қаңтардан 2011 жылғы қыркүйекке дейінгі кезеңде 60 айдағы номиналды кіріс коэффициентінің 47,52 мәнінен 32,25 мәніне дейін төмендеу үрдісі байқалады.

### Қорлардың жинақталған зейнетақы активтері мен номиналды кіріс коэффициенттерінің арақатынасы



### Қорлардың қаржылық жай-күйі

Қорлардың жиынтық капиталы 2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 80,3 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 46,9 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 58,4%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 90,2 млрд. теңге болды.

2011 жылғы қаңтар-қыркүйек айларында 2 қор («Республика» және «Отан») жалпы сомасы 0,8 млрд. теңге шығынға ұшырады, бұл ретте 9 қор жалпы сомасы 5,0 млрд. теңге пайда алды. Қорлардың таза кірісінің жалпы сомасы 2011 жылғы 1 қазандағы 4,2 млрд. теңге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2011 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 72,3 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 80,2%-ы болды.

Қорлар меншікті активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына – 51,5%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 19,5%, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға – 24,9%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – инвестициялардың жалпы көлемінің 1,5 %-ын орналастырды.

## Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.01.10	1.01.11	1.10.11
ЖІӨ млрд.теңге	7 453,0	10 139,5	12 849,8	16 052,9	17 007,6	21 815,5	26 310,2*
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,7	9,0	9,4	8,8	10,9	10,4	9,6
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	6,9	6,7	7,1	7,4	8,8	8,4	7,1
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,1	2,5	2,6	1,9	2,8	2,6	2,0
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,2	0,2	0,2	0,3	0,4	0,4	0,3

\* Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің болжам деректері